

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «САҒАДАТ
НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ
№72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»**

шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

государственное коммунальное предприятие
на праве хозяйственного ведения

**«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №72 ИМЕНИ
САГАДАТА НУРМАҒАМБЕТОВА»
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ**

**КЕЗЕКТЕН ТЫС ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ
КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ
№2 ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

04.12.2024ж.

Қатысқандар:

- 1) Усманов Б.Н.- кеңес төрағасы, мектеп директоры;
- 2) Құрманбай Г.Т.- кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 3) Исманова Р.Э.- кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 4) Утебаев Т.Б.- кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 5) Бекбосынова К.Д. – кеңес мүшесі, педагог - психолог;
- 6) Қуандық Н.Т. - кеңес мүшесі, педагог - психолог;
- 7) Сеймурат Ж.Л. - кеңес мүшесі, әлеуметтік педагог;
- 8) Асилбекова З.Б. - кеңес мүшесі, әлеуметтік педагог;
- 9) Серікбаев Ж.Ж. - мектеп инспекторы;
- 10) Тасходжаева Г.Р. – хатшы және мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, ата-аналары, пән мұғалімдері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Оқушыларды мектепшілік профилактикалық есепке алу» туралы.

Т Ы Ң Д А Л Д Ы:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы сөз алып, тоқталып өтті.

«Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бекіту туралы ҚР оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 398 бұйрығы негізінде мектепшілік тәрбиесі қиын, қиынға бейім, Мектептің Жарғысын, мектептің ішкі тәртіп ережесін өрескел немесе бірнеше рет бұзғаны және себепсіз сабақтарға жүйелі түрде қатыспағаны үшін 17 оқушыны түрлі себептермен мектепшілік есепке алуға ұсыныс білдіремін. Атап айтсақ:

1. Бахтияр Нұрали- 8 «Ғ» сынып оқушысы
2. Арғынбек Алиахмет- 9 «А» сынып оқушысы
3. Тағаев Серік- 9 «Д» сынып оқушысы
4. Кулмйрза Абдулазиз- 9 «Д» сынып оқушысы
5. Талгатов Алазим-10 «Д» сынып оқушысы
6. Сламбек Дінмұхамед-10 «Ж» сынып оқушысы
7. Сайлаубек Бекзат-11 «Ә» сынып оқушысы
8. Ерланұлы Иманғали-11 «Ә» сынып оқушысы
9. Тұрлыбек Ақжан-11 «Ә» сынып оқушысы
10. Намазов Айдәулет-11 «Ә» сынып оқушысы
11. Қайратұлы Даниал-11 «Ғ» сынып оқушысы

12. Төлтай Бекарыс-11 «Д» сынып оқушысы
13. Қалдаров Сұңқар-11 «Е» сынып оқушысы
14. Аяған Мейіржан-11 «А» сынып оқушысы
15. Сейдахан Асылхан-11 «А» сынып оқушысы
16. Джақсыбек Үсіпбек-11 «В» сынып оқушысы
17. Бақберген Ерасыл-11 «В» сынып оқушысы

Директордың тәрбие ісіс жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы әрбір оқушы туралы мәлімет беріп өтті:

✚ Бахтияр Нұрали 8 «Г» сынып оқушысы, жартылай жетім. Мінезі кейде бірқалыпты, сыныптасырмен дөрекі сөйлеседі, пән мұғалімдерімен тез сөзге келіп қалады. Мектептің әжетханасында оқушы электронды темекі пайдаланған, ата-анасы шақырылып, ескертілді. Сосын химия сабағында сыныптасы Дарханұлы Жанарыспен сөзге келіп төбелесіп қалған, бұл мәселе ата-анасы шақырылып, ескертілді. Сабақ кезінде өрескел бұзақылық жасағаны үшін мектепшілік есепке алуға ұсыныс білдіреміз.

✚ Арғынбек Алиахмет 9 А сынып оқушысы. Толық отбасында тәрбиеленіп келеді. Мінезі құбылмалы. Мектеп ережелерін бірнеше рет бұзғаны үшін мектепшілік есепке алуға ұсыныс білдіріп отырмыз.

✚ Караша айының 18 жұлдызында 8 «Е» сынып оқушысы Науан Нұрисламнан Даниял 11 «Д» сынып оқушысы Бекарыстың номеріне 7000 теңге аударып алған. Нұрисламның ата-анасының шағымданып келуіне байланысты, мектеп басшысы, инспектор, тәрбие бөлімі бірлескен түрде анасын шақыртып ескерту шаралары жасалған. Сыныптастарымен жақсы қарым қатынаста. Сабаққа үнемі кешігіп келу әдетіне айналған. Сабақтан спорт жарыстарына қатысуына байланысты жиі қалады. Сабаққа қызығушылығы орта. Толық отбасында тәрбиеленеді. Ата-анасының мектеппен байланысы жақсы. Үнемі Даниялдың тәртібі мен оқу үлгерімін қадағалап отырады.

✚ Джақсыбек Үсіпбек осы мектепте 1-сыныптан бастап оқиды.

Толық отбасы. Анасы Айнұр ханым үнемі хабарласып тұрады. Мінезі-қызуқанды. Пән мұғалімдерімен қарым қатынасы жақсы. Сабаққа қызығушылығы орташа. Сабақ үлгерімі, I тоқсан қорытындысы бойынша жақсы. «Грант плюс» ҰТБ дайындық курсына барады.

11 «В» сынып оқушысы Джақсыбек Үсіпбек екінші желтоқсан күні түсте «Олжа» дүкенінің алдында 11 «В» және 11 «А» сыныптарының ұлдары арасында болған төбелеске қатысқан. Осы оқиғадан кейін оқушылармен түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Ата-аналарға ескертілді.

Ертеңіне үшінші желтоқсан күні соңғы сабақтан шыққан соң екі сыныптың ұлдары Ақсауыт көшесі мен Жасыл желек көшесінің қиылысында болған төбелесте де қатысқан. Жарақат белгілері болған. Дер кезінде, тәрбие бөліміне шақыртылып, ата-анасына ескертілді. Мектеп ережелерін бұзғаны үшін, мектепшілік есепке алуға ұсыныс білдіреміз.

✚ Бақберген Ерасыл осы мектепте 1-сыныптан бастап оқиды. Анасы Гулнар ханым үнемі хабарласып тұрады. Пән мұғалімдерімен қарым қатынасы жақсы. Сабаққа әсіресе бірінші сабаққа кешігіп келетін кездері болады. Сабаққа қызығушылығы орташа. Сабақ үлгерімі, I тоқсан қорытындысы бойынша орташа. «Грант плюс» ҰТБ дайындық курсына барады.

11 «В» сынып оқушысы Бақберген Ерасыл 02.11. күні түсте «Олжа» дүкенінің алдында 11 «В» және 11 «А» сыныптарының ұлдары арасында болған төбелеске қатысқан. Осы оқиғадан кейін оқушылармен түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Ата-аналарға ескертілді.

Ертеңіне 3.11 күні соңғы сабақтан шыққан соң екі сыныптың ұлдары Ақсауыт көшесі мен Жасыл желек көшесінің қиылысында болған төбелесте де болған. Дер кезінде, тәрбие бөліміне шақыртылып, ата-анасына ескертілді. Мектеп ережелерін бұзғаны үшін, мектепшілік есепке алынуға ұсыныс білдіріп отырмыз.

✚ Аяған Мейіржан осы мектепте 1-сыныптан бастап оқиды. Отбасылық жағдайы жартылай жетім. Анасы Гүлзира ханым үнемі хабарласып тұрады. Мінезі-қызуқанды. Пән мұғалімдерімен қарым қатынасы жақсы. Сабаққа әсіресе бірінші сабаққа кешігіп келетін кездері болады. Сабаққа қызығушылығы орташа. Сабақ үлгерімі, I тоқсан қорытындысы бойынша орташа. Биыл ҰТБ дайындық курсына барып жүр. 11 «А» сынып оқушысы Аяған Мейіржан 2.11. күні түсте

«Олжа» дүкенінің алдында 11 «А» және 11 «В» сыныптарының ұлдары арасында болған төбелеске қатысқан қатысқан.

Осы оқиғадан кейін оқушылармен түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Ата-аналарға ескертілді.

Ертеңіне 3.11 күні соңғы сабақтан шыққан соң екі сыныптың ұлдары Ақсауыт көшесі мен Жасыл желек көшесінің қиылысында болған төбелесте де болған. Осы төбелесте көзінен, аузынан соққы алған. Төбелес болатын жерге «Неге бардың?» деген сұраққа намысыма тиетін сөздер айтты дейді.

✚ Сейдехан Асылхан осы мектепте 1-сыныптан бастап оқиды. Толық отбасынан.

Анасы Айша ханым үнемі хабарласып тұрады. Пән мұғалімдерімен қарым қатынасы жақсы.

Сабаққа әсіресе бірінші сабаққа кешігіп келетін кездері болады. Сабаққа қызығушылығы орташа.

Сабақ үлгерімі, I тоқсан қорытындысы бойынша орташа. 11 «А» сынып оқушысы Сайдехан

Асылхан 2.11. күні түсте «Олжа» дүкенінің алдында 11 «А» және 11 «В» сыныптарының ұлдары

арасында болған төбелеске қатысқан. Осы оқиғадан кейін оқушылармен түсіндірме жұмыстар

жүргізілді. Ата-аналарға ескертілді. Ертеңіне 3.11 күні соңғы сабақтан шыққан соң екі сыныптың

ұлдары Ақсауыт көшесі мен Жасыл желек көшесінің қиылысында болған төбелесте де болған.

Осы төбелесте көзінен, аузынан соққы алған. Жеке тәртібіне байланысты есепке алуға ұсыныс

білдіріп отырмыз.

11 «Ә» сынып оқушылары Сайлаубек Бекзат, Ерланұлы Иманғали, Тұрлыбек Ақжан және Намазов

Айдәулеттің сабаққа қатысуы нашар, сабаққа үнемі кешігіп келеді. Түрлі жеке тәртіптері бойынша

ескертүлер берілген. Ата-аналарына бірнеше рет ескертілген. Осы аталған оқушылар мектептің

ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін, мектепшілік есепке алынуға ұсыныс білдіріп отырмыз.

Усманов Б.Н.- кеңес төрағасы, мектеп директоры:

- Аталған оқушылар мектептің ішкі тәртіп ережесін өрескел бұзып отыр. Мектеп жарғысын, мектептегі қоғамдық тәртіпті бұзып, тыйым салынған заттарды пайдаланып, 10 күннен аса сабақтан қалып, ережені бұзған оқушыларға тәртіптік жаза қолдану қажет. Осы оқушыларға тәлімгерлер бекітіп, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, үйірмелерге тарту қажет. Сынып жетекшілері ата-аналармен тығыз байланыста болыңыздар, оқушылармен жан-жақты жұмыс жүргізуді сіздерге қатаң тапсырамын.

Серікбаев Ж.Ж. - мектеп инспекторы :

- Тәртіпбұзушылыққа жол берген оқушылармен жұмыс жүргізіп келемін. Ата-аналарымен байланыстамын. Бұл жерде ата-ана жауапкершілігін арттыру қажет. Бала тәрбиесіне жете мән беру қажет. Тәртіпбұзушылыққа, құқықбұзушылыққа жол бергені үшін оқушыларды мектепшілік есепке алуды құптаймын.

Жакашева Г.Қ. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

-Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атам қазақ айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне мән беріп, бос уақыттарында немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізер еді. Қазіргі уақытта ересектерден бұрын оңы мен солын танып үлгермеген балалар мен жасөспірімдер үшін аландайтын болдық. Осы орайда қылмыстың қоғамдағы зияны мен адам тағдырын адастыратын іс екенін әрқайсымыз жете түсінуге тиіспіз. Мектеп пен жанұяда жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылу керекпіз. Құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті санаға сіңіріп, өзімізді және қасымыздағы адамдардың жеке басын қадірлеп, құрметтейік! Мына оқушылардың түрлі жасаған іс-әрекеттеріне қарап, мектепшілік есепке ала отырып, тәрбиелеу қажеттігін айтқым келеді.

ҚАУЛЫ:

1. 2024-2025 оқу жылында тәртіпбұзушылыққа, құқықбұзушылыққа жол бергені, мектептің ішкі тәртіп ережесін бұзғаны үшін жоғарыда аталған оқушылар мектепшілік профилактикалық есепке алынсын.

2. Есепке алынған оқушыларға мұғалімдерден тәлімгерлер бекітіліп, үйірмелерге қатыстырылсын.
3. Мектепішілік профилактикалық есепке алынған оқушылармен жекелеген жұмыс жүргізу жауапты мамандарға(психолог, социолог, мектеп инспекторы), бекітілген тәлімгерлерге және сынып жетекшілерге жүктелсін.

Қ А У Л Ы:

Кеңес төрағасы:

Б.Н.Усманов

ДТІЖО:

Г.Т.Құрманбай

Хатшы:

Г.Р.Тасходжаева